Gazettiń negizi 1935 jyly qalanǵan

AYDANY ordabasy

# ORDABASY OTTARY

90 ЖЫЛ

15+

Бірлік пен татулық мекені

№37-38 (7807-7808)

13 қыркүйек, 2025 жыл. Сенбі.

QOGAMDYQ-SAIASI APTALYQ e-mail: ordabasy_gazet@mail.ru; www.ordabasy-ottary.kz

● Аптаның айшықты оқиғалары



## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

8-қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты жолдау жолдады, деп хабарлайды Egemen.kz Ақорданың баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Құрметті депутаттар!

Өткен аптада Парламенттің жаңа сессиясы ашылды.

Қызметтеріңізге табыс тілеймін! Алдыңғы сессия жемісті болды деп күмәнсіз айтуға болады. Елге қажетті көптеген заң қабылданды.

Халықтың көкейінде жүрген өзекті мәселелер көтерілді, жан-жақты талқыланды. Депутаттар жазғы демалыс кезінде аймақтарға барып, азаматтармен кездесті. Енді жұртшылық айтқан мәселелерді саралап, Үкіметпен бірге пысықтап, осы сессия барысында ескеру қажет.

Жалпы, Парламент депутаттары елімізде түбегейлі реформалар жасау жолында маңызды рөл атқарып келеді. Сіздерге зор ризашылығымды білдіремін.

Қымбатты отандастар!

Құрметті Парламент депутаттары және Үкімет мүшелері!

Қазір дүние жүзі жаңа тарихи дәуірге қадам басты.

Бұл дәуірдің барша адамзат үшін оңай болмайтыны анық. Алпауыт елдер мен халықаралық одақтар арасындағы қарама-қайшылықтардың ауқымы өсіп бара жатыр. Халықаралық қатынастағы шиеленістер мен озбырлықтың салдарынан қақтығыстар мен соғыстар белең алды.

(Жалғасы 3-бетте).

● Облыс әкімінің Іссапары

## БЕТОН ЛОТОКТАР ШЫҒАРАТЫН ӨНДІРІС ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

**Түркістан облысы ауыл шаруашылығы саласында тағы бір маңызды қадам жасалды. Ордабасы ауданы, Қарақұм ауылында орналасқан «Тұран су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны базасында суару жүйелеріне арналған параболалық бетон лотоктар шығаратын өндіріс іске қосылды. Жобаның мақсаты – су ресурстарын тиімді пайдалану арқылы ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту, ішкі нарықты сапалы өніммен қамтып қана қоймай, экспорт әлеуетін де арттыру.**



Параболалық лотоктардың каналдарға орнатылуы су шығынын 40 пайызға дейін азайтуға мүмкіндік береді. Бұл – еліміздің су ресурстарын үнемдеуге бағытталған нақты қадам.

Зауыттың ашылуына қатысқан Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров жаңа өндіріс орнына сәттілік тілеп, оның аймақ экономикасына қосар үлесін ерекше атап өтті. Жергілікті өндірістің ел игілігіне қызмет ететініне сенім білдіріп, бұл жобаның ауылды өркендету мен халықты тұрақты жұмыспен қамту жолындағы маңызды қадам екенін айтты.

Жаңа өндіріс алаңында тәулігіне 45 дана параболалық бетон лоток жасап шығаралады. Жоба құны – 350 млн теңге. Зауытта 20 тұрақты жұмыс орны құрылды. Лотоктар ЛР6, ЛР8, ЛР10 маркаларында шығарылып, болашақта ішкі нарықпен қатар Еуропа елдері мен Қытайға да экспорттау көзделуде. Бұл – отандық өнімнің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігінің айғағы.

Зауыт бетон араластыру қондырғысы, бу қазандығы, порталды кран, арматуралы сетка тоқу жабдықтарымен толық жабдықталған. Өндірілетін құрылғылардың нарықтағы бағадан 20-30 пайызға арзан болуы – жергілікті шаруалар мен су шаруашылығы құрылымдары үшін үлкен жеңілдік.

«Тұран су» – стратегиялық нысандарды басқаратын маңызды кәсіпорын. 2019 жылы құрылған мекеме мемлекет меншігіндегі су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарын күтіп ұстау, пайдалану және жөндеу жұмыстарын атқарып келеді. Кәсіпорын теңгерімінде 20 су қоймасы, 3 су торабы, 1 400 шақырымды қамтитын 110 канал, 3 өндірістік-техникалық база, 81 арнайы техника бар. Жалпы көлемі 108,1 мың гектар егістік алқапты ағын сумен қамтамасыз етеді. Кәсіпорында 400-ден астам маман еңбек етуде.

Облыс әкімдігінің қолдауымен су шаруашылығын жаңғырту бағытында бірқатар ірі жобалар жүзеге асуда. Атап айтқанда, 3,6 млрд теңгеге 60 арнайы техника сатып алынды, оның ішінде, 24 техника аудан, қала әкімдіктеріне берілді. Бұл арқылы 1 200 шақырым каналдар мен қашыртқылар тазаланды. 650 млн теңгеге «Су үнемдеу технологиясы өндіріс желісі» іске қосылып, жылына 9 мың гектар егістікке қызмет көрсетуде. Бүгін іске қосылған «Параболалық лотоктар шығару өндірісі» – су үнемдеуге арналған маңызды жоба.



Сонымен қатар Ислам даму банкі қаржысы есебінен 63,2 млрд теңгеге 11 жоба қаржыландырылып, 130 шақырым канал бетонмен қапталады. Нәтижесінде, 10,1 мың гектар жер ағын сумен қамтылмақ. Тағы 73,6 млрд теңгеге 14 жобаны іске асыру жоспарлануда. Бұл өз кезегінде 166 шақырым каналды жаңғыртып, 53,3 мың гектар суармалы алқаптың су өткізу қабілетін арттырады.

Ордабасы аудандық мәслихат төрағасының
ШЕШІМІ
Темірлан ауылы № 36 «09» қыркүйек 2025 жыл

# АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ ШАҚЫРЫЛЫМЫНДАҒЫ КЕЗЕКТІ 36 СЕССИЯСЫНА ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ

**Аудандық мәслихат депутаттары мен тұрғындар назарына**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» №148 Заңының 18-бабы, 4-тармағының 1-тармақшасына сәйкес, Ордабасы аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезекті 36-сессиясы 2025 жылы 24 қыркүйекте, сағат 12-00-де, Темірлан ауылы, Т.Рысқұлов көшесі, №14 мекенжайында, аудандық мәслихаттың мәжіліс залында өтеді. Аудандық мәслихаттың барлық тұрақты комиссияларының мәжілісі 2025 жылы 24 – қыркүйекте, сағат 10-00-де басталады.

**Сессия қарауына мынадай мәселелер ұсынылады:**

1. Ордабасы ауданы әкімінің жүктелген қызметтер мен міндеттердің іске асырылуы жөніндегі есебі туралы.
2. Аудандық кәсіпкерлік бөлімінің есебі.
3. Аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің есебі.
4. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің есебі.

**Б.ДЖУМАБЕКОВ,**
**аудандық мәслихат төрағасы.**

● **Маман мінбері**

# ОРМАНДЫ ҚОРҒАУ – БОЛАШАҚҚА АМАНАТ

Табиғат – адамзатқа ортақ байлық. Әсіресе, жасыл желек – тек әсемдік емес, тіршіліктің өзегі. Біз, орманшылар, осы байлықты қорғауды басты парызымыз санаймыз.

Бадам орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі КММ-нің Ордабасы бөлімшесінің №15 айналымында яғни менің қарауымда Аққойлы, Жусансай, Сарытоғай елді мекендері аумағындағы 390 гектар жер бар. Бұл алқап – тек ағаш қоры емес, онда түрлі құстар мен жануарлар мекен етеді. Сондықтан әр түп ағаш пен әр бұтаны қорғау – біз үшін қасиетті міндет.

Соңғы жылдары өрттің алдын алу мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр. Өрт – орманға ең үлкен қауіп. Ол бір ғана сәтте ондаған жылда өсіп шыққан жасыл желекті жойып жіберуі мүмкін. Сондықтан біз жазғы маусымда тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырып, өрттің алдын алу шараларын тұрақты жүргіземіз.

Сонымен қатар орманды қоқыстан тазарту – негізгі жұмыстардың бірі. Өкінішке қарай, кейбір азаматтар табиғатты аяламай, қоқыс қалдырып кетеді. Бұл – тек әдемілікке нұқсан келтіріп қоймай, өрт қаупін де арттырады. Сол себепті ауыл тұрғындарын табиғатты таза ұстауға, орманға қамқорлықпен қарауға шақырамыз.

Орман – халықтың қазынасы. Оны қорғау – баршамыздың ортақ ісіміз. Егер әр азамат орманға жанашырлықпен қарап, тазалық сақтап, қауіпсіздік шараларын орындаса, болашақ ұрпаққа көк желекті, құстар сайраған тоғайды аман жеткізе аламыз.

**Шотан Қасымбек Тоғайбекұлы,**
**Бадам орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі КММ-нің Ордабасы бөлімшесінің №15 айналымының орманшы-қорықшысы.**

# ХАБАРЛАМА

«Айтжан және ТТ» ЖШС Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бержар ауылдық округі, Бадам-Арыс трассасы, 008 квартал, 156-учаскеде орналасқан «Айтжан және ТТ» ЖШС-нің «Құм-қиыршықтас қоспасын (ҚҚҚ) өндіру карьері және ұсақтау-сұрыптау қондырғысы (ҰСҚ)» жобасына арналған «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылы 24 қазанда сағат 12:00-де Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бержар ауылдық округі, Жамбыл ауылы, Қарауыл Датқа көшесі, б/н мекенжайында, Қосжан Мүсірепов атындағы мектеп ғимаратында ашық жиналыс түрінде өтеді. Қызметті бастамашының байланыс деректері: тел. +7 707 620 09 29, мекенжайы: Ордабасы ауданы, Қажымұқан а/о, Темірлан ауылы, Ж.Жабаев көшесі, 24/1 үй, БСН 030740000901, e-mail: aitzhan_tt@mail.ru

Жобаны әзірлеуші: ИП «Мурзина», мекенжайы: Шымкент қ., Қалдаяқов көшесі, 13 үй, 1-кеңсе, тел. +7 701 726 70 56, e-mail: murzina.60@mail.ru

Жобаға қатысты құжаттама ЕЭП ndbecology.gov.kz порталында, Түркістан облысы бойынша «Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған. Қызығушылық танытқан жұртшылық өз ескертулері мен ұсыныстарын электронды түрде a.erkebai@ontustik.gov.kz поштасына немесе қағаз түрінде Түркістан қ., Б.Саттарханов даңғылы, 27П мекенжайына, тел. (7253) 36-38-45 жолдай алады.

# ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО "Айтжан и ТТ" проводит общественные слушания к Разделу охрана окружающей для «Карьера по добыче песчано-гравийной смеси (ПГС) и дробильной установки ДСУ ТОО "Айтжан и ТТ" Туркестанской области, Ордабасинском районе, Буржарском сельском округе, трасса Бадам-Арысь, 008 кварт., уч. 156.

Общественные слушания состоятся в виде открытого собрания 24.10.2025 г. в 12:00 часов по адресу: Туркестанская область, Ордабасинский район, Буржарский сельский округ Село Жамбул, улица Карауыл Датка б/н. Школа имена Косжан Мусирепова. Контактные данные инициатора деятельности: тел. +7 707 620 09 29, адрес: Ордабасинский район, Кажымуканский сельский округ, село Темирлановка, улица Ж.Жабаев, дом 24/1, БИН 030740000901, aitzhan_tt@mail.ru

Разработчик проекта ИП «Мурзина», адрес: г. Шымкент, ул. Калдаякова, д. 13, оф. 1, конт. тел. +7 701 726 70 56. эл. почта: murzina.60@mail.ru

Документация по проекту размещена на ЕЭП ndbecology.gov.kz на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования по Туркестанской области», раздел «Общественные слушания», ответственного за проведение ОС. Заинтересованная общественность может направлять свои замечания и предложения в эл. форме на почту a.erkebai@ontustik.gov.kz, в бумажной форме по адресу: г. Туркестан, пр. Б.Саттарханова, 27П, к.т. 8(7253) 363 845.

# ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

Керімов Қанат Жұмабайұлының иелігіндегі ГАЗ 3222132224 автокөлігінің мемлекеттік нөмірі 849 YUZ 13 жарамсыз деп танылсын.

# МҰРАГЕРЛІК АШЫЛДЫ

Қасымбек Ерболған Мырзахметұлының қайтыс болуына байланысты марқұмның мүлкіне мұрагерлік ашылды.

***Ғ.Мыңбаева,***
**облыстық нотариалдық округінің нотариусы.**

Өтеш Ғани Алдабергенұлының қайтыс болуына байланысты марқұмның мүлкіне мұрагерлік ашылды.

**Н.Есенбай,**
**облыстық нотариалдық округінің нотариусы.**

Мустафаев Насираддин Муртазаулының қайтыс болуына байланысты марқұмның мүлкіне мұрагерлік ашылды.

**Ж.Кенбаев,**
**облыстық нотариалдық округінің нотариусы.**

Достай Амалбек Тұрсынбайұлының қайтыс болуына байланысты марқұмның мүлкіне мұрагерлік ашылды.

**К.Жетписбаева,**
**облыстық нотариалдық округінің нотариусы.**

Сапарова Калдан Мамбетовнаның қайтыс болуына байланысты марқұмның мүлкіне мұрагерлік ашылды.

**С.Аудеков,**
**облыстық нотариалдық округінің нотариусы.**

Назарбекұлы Қалданның қайтыс болуына байланысты марқұмның мүлкіне мұрагерлік ашылды.

**Г.Шаймерден,**
**облыстық нотариалдық округінің нотариусы.**

# ХАБАРЛАМА

«Айтжан және ТТ» ЖШС Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Қажымұқан ауылдық округі, 001 квартал, 2043-учаскеде орналасқан «Айтжан және ТТ» ЖШС-нің «Саз карьері мен кірпіш зауыты» жобасына арналған «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылы 24 қазанда сағат 10:00-де Ордабасы ауданы, Қажымұқан а/о, Темірлан ауылы, Қажымұқан көшесі, 219-үй мекенжайында ашық жиналыс түрінде өтеді. Қызметті бастамашының байланыс деректері: тел. +7 707 620 09 29, мекенжайы: Ордабасы ауданы, Қажымұқан а/о, Темірлан ауылы, Ж.Жабаев көшесі, 24/1-үй, БСН 030740000901, e-mail: aitzhan_tt@mail.ru

Жобаны әзірлеуші: ИП «Мурзина», мекенжайы: Шымкент қаласы, Қалдаяқов көшесі, 13-үй, 1-кеңсе, тел. +7 701 726 70 56, e-mail: murzina.60@mail.ru

Жобаға қатысты құжаттама ЕЭП ndbecology.gov.kz порталында, Түркістан облысы бойынша «Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған. Қызығушылық танытқан жұртшылық өз ескертулері мен ұсыныстарын электронды түрде a.erkebai@ontustik.gov.kz поштасына немесе қағаз түрінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, 27П мекенжайына, тел. (7253) 36-38-45 жолдай алады.

# ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО "Айтжан и ТТ" проводит общественные слушания к Разделу охрана окружающей для «Карьера суглинков и кирпичного завода ТОО "Айтжан и ТТ" в Туркестанской области, Ордабасинском районе, Кажымуканском сельском округе, 001 квартал, уч. 2043.

Общественные слушания состоятся в виде открытого собрания 24.10.2025 г. в 10:00 часов по адресу: Ордабасинский район, Кажымуканский с/о, с. Темирлановка, ул. Кажимукана, д.219. Контактные данные инициатора деятельности: тел. +7 707 620 09 29, адрес: Ордабасинский район, Кажымуканский сельский округ, село Темирлановка, улица Ж.Жабаев, дом 24/1, БИН 030740000901, aitzhan_tt@mail.ru.

Разработчик проекта ИП «Мурзина», адрес: г. Шымкент, ул. Калдаякова, д. 13, оф. 1, конт. тел. +7 701 726 70 56. эл. почта: murzina.60@mail.ru

Документация по проекту размещена на ЕЭП ndbecology.gov.kz на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования по Туркестанской области», раздел «Общественные слушания», ответственного за проведение ОС. Заинтересованная общественность может направлять свои замечания и предложения в эл. форме на почту a.erkebai@ontustik.gov.kz, в бумажной форме по адресу: г. Туркестан, пр. Б. Саттарханова, 271, к.т.8(7253) 363 845.

«Ордабасы оттары» газетінің ұжымы Ш.Уәлиханов атындағы мектеп-гим-назиясының директоры Исанова Сәулеге әкесі **ЕГЕМБЕРДІНІҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтаса отырып, көңіл айтады.

